

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы Займ беру туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 12 мамырдағы N 2265

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600\_2-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық

қайта құру және даму банкі арасындағы Займ беру (Мұнай саласындағы техникалық көмек көрсету жобасы) туралы 1994 жылғы 6 желтоқсанда қол қойылған және 15,7 млн. АҚШ долларына тең сомада кредит бөлуді көздейтін келісім бекітілсін.

2. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті